



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«АДАМИ КАПИТАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«HUMAN CAPITAL AS THE MAIN FACTOR OF ECONOMIC
DEVELOPMENT»**

Астана

20 қазан 2022

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

А 24

Рецензенты: профессор «Esil University», д.э.н. Галиева А.Х.
профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, д.э.н.
Шалболова У.Ж.

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Байжолова Р.А. – д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Исаева Б.К. – PhD., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

ISBN 978-601-337-744-5

«Адами капитал экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -330б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Человеческий капитал как основной фактор экономического развития». – Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -330с.

Works of the International scientific and practical conference «Human capital as the main factor of economic development». - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -330p.

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

ISBN 978 – 601 – 337 – 744 – 5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

3. Керимбекова Б.У. Қазіргі шаруашылық жағдайындағы басқарушылық есеп // Статистика, есеп және аудит. №2 (85), 2022. -С.6-10.

4. Друри К. Управленческий и производственный учет // К. Друри. - М.: Юнити-Дана, 2016. - 645с.

ӘОЖ 338.43.02 (574)

ТДМ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Амангелдиева Жанар Амангелдіқызы

zhanar052@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Байжолова Р.А.

Қазіргі әлемде кез-келген экономика саласының дамуын жалпы шығарылған өнім көлемі, оның ЖІӨ-не қосқан үлесі немесе құрылған жұмыс орындары деңгейінде ғана қарастыру мүмкін емес. Жаһандану процестері қазіргі уақытта өмірдің барлық аспектілерін қамтиды. Сонымен, әр саланың дамуы негізінен сыртқы нарықтарға бағытталған: қызметтер, тауарлар, жұмыс күші, білім, капитал және әлемдік нарықпен тығыз байланысты. Жаһандық әлемнің қалыптасуы антропогендік жаһандық апатқа әкелуі мүмкін жаңа қауіптер мен жалпы планеталық масштабтағы қауіптердің пайда болуымен байланысты. Қазақстан Республикасының АӨК-ін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында атап өтілгендей, суармалы жерлерді кеңейту және заманауи ылғал үнемдейтін технологияларды енгізу өте баяу қарқынмен жүруде, топырақ құнарлылығын сақтау, парниктік газдар эмиссиясына қатысты экологиялық мониторингті жүргізу жұмыстары толығымен жүзеге аспаған [1].

Өркениеттің қауіпсіздігі мен өмір сүруін жан-жақты қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты даму арқылы жаһандану мен басқа да жаһандық процестерге әсер ету қажеттілігі туындайды. Адамзаттың жаһандық мәселелерін шешу мақсатында 2015 жылғы 25 қыркүйекте Нью-Йорктегі БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі саммитінде мемлекет басшылары мен 193 елдің өкілдері "біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібі" немесе тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) деп аталатын бағдарлама қабылдады. Бұл мақсаттар 2000 жылы кедейлікпен күресу және дамушы елдердегі өмір сүру деңгейін көтеру үшін қабылданған "Мыңжылдықтың даму мақсаттарын" алмастырды.

Кедейлік, теңсіздік, азық-түлік қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, тұрақты тұтыну және өндіріс, өсу, жұмыспен қамту, инфрақұрылым, табиғи ресурстарды тұрақты басқару, климаттың өзгеруі, гендерлік теңдік, бейбіт және инклюзивті қоғамдар, сот төрелігі мен есеп беретін мекемелерге қол жетімділік сияқты салаларды қамтитын 17 жаңа тұрақты даму мақсаттары мен оған байланысты 169 міндеттер әзірленді [2].

ТДМ азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық тұрақтылығына бағытталған

2030 жылға дейінгі мақсаттар мен индикаторлардың кешенді әмбебап жиынтығы болып табылады.

Бұл бұрын – сонды болмаған халықаралық бағдарлама, тарихи жаһандық күн тәртібі тұрақты дамудың үш негізгі аспектісін-экономикалық өсуді, әлеуметтік интеграцияны және қоршаған ортаны қорғауды қамтиды. Бұл экономикалық, экологиялық және әлеуметтік факторлардың бөлінбеуіне негізделген, табиғи ресурстардың сарқылуын, биосфераны пайдалану шектерін және әлемдік қоғамдастық мойындаған жаһандық проблемалар мен тәуекелдерді ескеретін заманауи инклюзивті экономиканы қалыптастыру мақсатында адам мен табиғат мүддесі үшін біздің әлемді қайта құрудың күн тәртібі.

ТДМ экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үш компонентті біріктіру арқылы тұрақты дамуға қол жеткізуге ықпал етуге арналған. Тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі арасындағы тығыз байланыстың болуы климаттық өзгерістердің елеулі салдары және шектеулі табиғи ресурстарды сақтау және "жасыл" экономикаға көшу қажеттілігі айқын болған кезде қазіргі жағдайда ерекше өзектілікке ие болды.

Қазақстан үшін ТДМ әдіснамасы мен индикаторларын енгізу Қазақстанның бағдарламалық құжаттарының, бірінші кезекте "Стратегия-2050" және одан туындайтын бағдарламалардың жаһандық даму мақсаттарына үндестігін ескере отырып, ҚР Стратегиялық жоспарлау және мониторинг жүйесін әлемдік стандарттарға жүйелі бейімдеуге мүмкіндік береді.

Орнықты дамуға көшу қоғамның және қоршаған ортаның айтарлықтай дәрежеде тозуын болдырмауы тиіс. Бұл өркениет пен биосфераны сақтауға, олардың қатар өмір сүруіне және коэволюциясына бағытталған әлеуметтік-табиғи эволюцияның ең қолайлы және қауіпсіз түрі. Тұрақты дамудың бұл түсінігімен адамзаттың өмір сүруі белгісіз уақытқа созылуы мүмкін және оның регрессивті емес формаларда дамуына қауіп төндірмейді. Тұрақты даму феномені - БҰҰ деңгейінде қабылданған адамзаттың өмір сүруінің әлемдік стратегиясы және "басқарылатын" жаһандану және басқа да жаһандық процестер деңгейіне шығу [3].

Қазіргі жағдайда республиканың ауыл шаруашылығы саласын дамыту да ТДМ-на бағдарлануы тиіс. Сонымен, жоғарыда аталған 17 ТДМ арасында екінші мақсат - аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу болды.

Осы мақсатта ауыл шаруашылығы саласында бірқатар міндеттер қойылды:

- 2030 жылға қарай ауыл шаруашылығының өнімділігі мен шағын азық-түлік өндірушілерінің кірістерін екі есеге арттыру, оның ішінде нарықтарға және ауыл шаруашылығы емес секторларда қосылған құн мен жұмыспен қамтуды ұлғайту үшін жерге, басқа да өндірістік ресурстарға және ауыл шаруашылығы өндірісінің факторларына, білімге, қаржылық қызметтерге, мүмкіндіктерге кепілді және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- 2030 жылға қарай азық-түлік өндірісінің тұрақты жүйелерін құруды қамтамасыз ету және өміршеңдік пен өнімділікті арттыруға және өндіріс көлемін

ұлғайтуға мүмкіндік беретін, экожүйелерді сақтауға ықпал ететін, климаттың өзгеруіне, ауа-райының күрт өзгеруіне, құрғақшылыққа, су тасқынына және басқа да апаттарға бейімделу қабілетін нығайтатын және жер мен топырақтың сапасын біртіндеп жақсартатын ауыл шаруашылығы әдістерін енгізу;

- 2020 жылға қарай тұқымдар мен мәдени өсімдіктердің, сондай-ақ ауылшаруашылық және үй жануарларының генетикалық әртүрлілігін сақтауды қамтамасыз ету.

Сондай-ақ, ауыл инфрақұрылымына, ауыл шаруашылығы зерттеулері мен агроөнеркәсіптік насихатқа, технологияларды дамытуға және дамушы елдердің ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы әлеуетін нығайту мақсатында өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық банктерін құруға, оның ішінде халықаралық ынтымақтастықты жандандыру арқылы инвестициялауды ұлғайту; ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік нарықтарында сауда шектеулерін жою және оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын субсидиялаудың барлық нысандарын қатар жою ұсынылады.

ТДМ барлық елдерді – кедей, бай және орташа табысы бар елдерді планетаны қорғауды қамтамасыз ете отырып, олардың өркендеуіне ықпал етуге шақырады. Біз үшін ең қиыны - экология және ауыл шаруашылығы көрсеткіштері, онда бізде ең үлкен олқылықтар бар. ТДМ-нің 17 мақсатының 15-і жасыл экономикамен тікелей байланысты. 2030 жылға қарай энергия тиімділігін екі есе арттыруға қол жеткізу, ауыл шаруашылығы өнімділігін екі есе арттыру, халықаралық трансфертті кеңейту және жасыл технологиялар мен инновацияларды ынталандыру басым маңызға ие.

Біздің еліміз ТДМ көрсеткіштерін ұлттандырды. "Аштықты жою" екінші мақсатының және оның "органикалық шаруашылықты дамыту" міндетінің мысалында органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін жағдай жасау қажет. Мысалы, бүгінде фермер химиялық заттарды қолданса, субсидия алады, ал егер ол органикалық өнімдермен жұмыс жасаса, ол субсидиясыз қалады. Осылайша, органикалық ауыл шаруашылығын дамыту бойынша жол картасы әзірленуде. Органикалық егіншілікке көшу негізінен өндіріске "жасыл" технологияны енгізу, органикалық тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың биологиялық әдістерін қолдану, қалдықсыз өңдеу технологияларын енгізу есебінен қол жеткізілетін болады.

Қазір Алматы және Жамбыл облыстарында экспортқа бағдарланған экологиялық таза ауыл шаруашылығын қолдау бойынша пилоттық бағдарламаны іске асыру басталды [4]. Осылайша, климаттың өзгеруіне бейімделген жоғары және тұрақты өнімділігі мен рентабельділігі бар тұрақты қарқынды ауыл шаруашылығын құру – республикамыздың алдында тұрған басты міндет пен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

2. Преобразование нашего мира: Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года. URL: <https://sustainabledevelopment.un.org/post2015> (жүгінген күні: 30.09.2022).

3. Ильин И.В., Урсул А.Д., Урсул Т.А. Новые глобальные цели устойчивого развития // Вестник Московского университета. Серия 27. Глобалистика и геополитика. 2015. №3-4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novyie-globalnyie-tseli-ustoychivogo-razvitiya> (жүгінген күні: 28.09.2022).

4. По каким показателям ЦУР Казахстаном достигнуты результаты <https://strategy2050.kz/ru/news/po-kakim-pokazatelyam-tsur-kazakhstanom-dostignuty-rezultaty/> (жүгінген күні: 30.09.2022).

УДК 330.342.2

ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ В РАЗВИТИИ НАУКОЕМКОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Арын Абай Мұхтарұлы

aryn_abai@bk.ru

докторант 2-курса экономического факультета

ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – PhD, доцент Исаева Б.К.

Человеческий капитал был неотъемлемой частью экономического развития цивилизаций человечества. Человек играл разную роль в развитии экономики в течение периодов человеческой цивилизации. Как показывают научные исследования подход к определению человеческого капитала развивался наряду с развитием экономики. Формирование теории человеческого капитала началось в 60-е годы в Соединенных Штатах Америки [1, 2]. В те годы индустриальная эпоха переживала поздний этап своего развития, сопровождаемый трудностями, связанными с переходом промышленных экономик к новому технологическому укладу. Развитие производства автомобилей и других машин, химической промышленности, нефтепереработки и массового производства способствовало росту промышленной конкуренции между странами, а также росту ценности и стоимости энергоресурсов. В таких условиях, ученые-экономисты в развитых странах пришли к выводу, что подобные условия в экономике не позволят добиться гарантированного, стабильного и долгосрочного роста экономики. Также в то время индустриальное общество находилось на переходной стадии к постиндустриальному обществу. Все вышеуказанные факторы впоследствии смогли внести социальные преобразования в обществе, которая в последствии привела к переходу с индустриального социума к постиндустриальному социуму [3]. Было очевидно, что физический и финансовые капиталы более не были способны гарантировать устойчивый и долгосрочный экономический рост стран. По этой причине, на позднем этапе индустриального периода такие ученые-